Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Информатика

5-сынып

Құрметті мұғалім!

Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылды. Бұл мұғалімдердің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады.

Жинақтың ұсынылған сипаты сізге білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуіңізге, бейімдеуіңізге мүмкіндік береді.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Жинақ негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Жинақты дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

Мазмұны

1-тоқсан 4
Бөлім :«Компьютер және кауіпсіздік» 4
2-тоқсан 13
Бөлім: «Ақпарат және оның өңдеу» 13
3-тоқсан 18
Бөлім: «Біздің өміріміздегі алгоритмдер» 18
Бөлім: «Әңгімелесеміз және бағдарламаны жасаймыз» 25
4-тоқсан 31
Бөлім: «Жобаны құру және таныстыру» 31

1-тоқсан

Бөлім «Компьютер және кауіпсіздік»
Тақырып «Қалай компьютерде зиянсыз жұмыс істеу кажет?»

Оқу мақсаты 5.4.1.1 Қауіпсіздік техника ережелерінің бұзу салдарын талдау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзудың себеп-салдарын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

1. Суреттегі жағдайлар неге қауіпті екендігін түсіндіріңіз.

Жағдай	Түсініктеме	Жағдай	Түсініктеме
			

Дескриптор *Білім алушы*

- компьютер алдында тамақтанудың салдарларын түсіндіреді;
- компьютер алдында дұрыс отырмау салдарларын түсіндіреді;
- компьютердің электр өткізгіш құралдарын ұстау салдарларын түсінідіреді;
- компьютерде жұмыс істеу уақытын сақтамау салдарларын түсіндіреді.

Тақырып «Қандай маңызды құрылғылар компьютерде бар?»

Оқу мақсаты 5.1.1.1 Процессор мен қатты дискінің қызметін бастауыш деңгейде түсіндіру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Процессор және қатты дискінің қызметін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырма

1. Құрылғылардың атауын жазыңыз.

	

1.1. Көрсетілген құрылғыларды қызметімен сәйкестендіріңіз.

Құрылғы атауы
Процессор
Қатты диск

Қызметі
Ақпаратты енгізу
Берілгендерді өңдеу
Үлкен көлемді ақпараттарды ұзақ мерзімді сақтау
Ақпаратты шығару

Дескриптор *Білім алушы*

- құрылғылардың атауын жазады;
- процессордың және қатты дискінің қызметін көрсетеді.

Тақырып «Интернетті пайдаланылған барысында қандай қауіп бар?»

Оқу мақсаты	5.4.2.1 Бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңды еместігін талқылау
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Заңсыз көшірудің салдарын бағалайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

1. Жағдаят берілген.

«Өмірді өзгерткен жаңалық» тақырыбындағы жобалар байқауы жарияланды. Байқау шарты бойынша үлкен 3 жаңалық туралы жоба дайындау қажет.

Азамат интернеттен екі жаңалық туралы ақпарат алып, өз жобасына қосты. Ал тағы бір жаңалық туралы ақпаратты рұқсат сұрамай-ақ сыныптасынан алып, оны да өз жобасына қосты. Дайын жобаны Азамат әділқазылар алқасына жіберді.

Азаматтың әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.

Азамат _____, себебі_____

_____

Дескриптор *Білім алушы*

- көшірудің заңсыздығын анықтайды;
- көшірудің заңсыздығына қорытынды жасайды.

Тақырып «Қалай компьютердегі деректеріңізді қорғау керек?»

Оқу мақсаты 5.4.2.2 Құжатқа құпия сөз орнату

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Құпия сөздің қолданылу себебін түсіндіреді
- Құжатқа құпия сөзді орнату әдісін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

1. Құжатқа құпия сөз орнатудың себебін түсіндіріңіз.

1.1 Құжатқа құпия сөз орнату ретін көрсетіңіз.

1._____
2._____
3._____
4._____
5._____
6._____

	A
	B

	C
	D
	E
	F

Дескриптор *Білім алушы*

- құжатқа құпия сөз орнатудың себебін жазады;
- құжатқа құпия сөз орнату әрекеттерінің ретін анықтайды.

Тақырып «Қалай компьютердегі деректеріңізді қорғау керек?»

Оқу мақсаты	5.1.3.1 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды өзгерту, жүктеп алу және орналастыру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлдармен жұмыс жасау дағдыларын көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бума белгісін көрсетіңіз.

A) **B)** **C)**

1.1 Файлдарды жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға орналастыру үшін орындалатын әрекеттер ретін көрсетіңіз.

Тышқанның оң жақ батырмасын шерту → *Қою* командасын таңдау	Жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу.	файлды белгілеу → *Көшіру* командасын таңдау	*Менің компьютерім* нысанын ашу→ *Желі* нысанын таңдау

Дескриптор *Білім алушы*

- «жалпы қолданысқа рұқсат етілген бума» белгісін анықтайды;
- файлды жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға орналастыру үшін орындалатын әрекеттер тізбегін демонстрациялайды.

Тақырып " Әлемді өзгерткен жаңалықтар" мини-жоба

Оқу мақсаты	5.4.2.2 Құжатқа құпия сөз орнату
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Құжатқа құпия сөз қою үдерісін көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Құпия сөз орнату ретінің сипаттамасы берілген мәтін құжатын құрыңыз.

1. 1 Мәтін құжатына құпия сөз орнатыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін құжатын құрайды;
- құпия сөз орнату ретін сипаттайды;
- құжатқа құпия сөз орнатады.

Тақырып " Әлемді өзгерткен жаңалықтар " мини-жоба

Оқу мақсаты	5.1.3.1 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды өзгерту, жүктеп алу және орналастыру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды өзгертеді • Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды жүктейді • Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды орналастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Сәйкестікті орнатыңыз.

Жағдаят
Біз сыныптастарымызбен жобаға суреттер қоямыз және мәтінді реттейміз.
Мен сыныптастарымның құжаттарындағы ақпаратты қолданамын.
Сыныптастарым менің топтамамдағы суреттерді қолдана алады.

Операция
Жалпы қолданысқа рұқсат ету үшін файлды орнату.
Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлды өзгерту.
Жалпы қолданысқа рұқсат етілген файлды жүктеп алу.

1. 1 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлдарды орналастырудың әрекеттер тізбегін көрсетіңіз.

Тышқанның оң жақ батырмасын басу→ *Қою* командасын таңдау	Жалпы компьютерді ашу → жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу	*Менің компьютерімді* ашу → *Желі* белгісін таңдау	Компьютеріндегі файл белгісін белгілеу→ *Көшіру* командасын таңдау

1.2 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгертудің әрекеттер тізбегін көрсетіңіз.

Файлды өзгерту → Файлды *сақтау*	Жалпы компьютерді ашу → жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу	*Менің компьютерімді* ашу → *Желі* белгісін таңдау	Өзгерту үшін файл белгішесін ерекшелеу → *Ашу* командасын таңдау

1.3 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды жүктеп алу әрекеттерін таңдаңыз және орындалу ретін көрсетіңіз.

Бумада тышқанның оң жақ батырмасын басу→ *Қою* командасын таңдау	Жалпы компьютерді ашу → Қажетті жалпы қолданысқа рұқсат етілген буманы ашу	Файлға өзгерісте р енгізу	*Менің компьютерімді* ашу → *Желі* белгісін таңдау	Компьютеріндегі файл белгісін белгілеу→ *Көшіру* командасын таңдау	Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды белгілеу → *Көшіру* командасын таңдау

Дескриптор *Білім алушы*

- файлдарға жүргізілетін операциялар мен жағдаяттар арасындағы сәйкестікті анықтайды;
- жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадан файлды жүктеу үшін орындалатын әрекеттер тізбегін демонстрациялайды;
- жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлды өзгерту үшін орындалатын әрекеттер тізбегін демонстрациялайды;
- жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға файлды орналастыру үшін орындалатын әрекеттерді анықтайды;
- орындалу ретін көрсетеді.

2-тоқсан

Бөлім «Ақпарат және оны өңдеу»

Тақырып «Біздің айналамыздағы ақпарат»

Оқу мақсаты	5.2.1.1 Әр түрлі формада ақпаратты атап шығу және көрсету
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Ақпараттың әр түрлі формада берілуін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

1. Ақпарат түрлерін анықтаңыз.

A) , , _____

B)

_____

C) _____

D) _____

Дескриптор	*Білім алушы* - ақпараттың берілу формаларын жазады.

Тақырып «Ақпаратты өлшеу»

Оқу мақсаты 5.2.1.2 Ақпараттың өлшем бірліктеріне қатысты кило, мега, гига және тера префикстерін қолдану және анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Ақпаратты бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке аударады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Ақпаратты өлшем бірліктеріне аударыңыз.

8 бит	____байт	24 ГБ	_____КБ
16 байт	____бит	3 ТБ	_____ГБ
1024 МБ	____байт	16200 байт	_____КБ

Дескриптор *Білім алушы*

- Ақпараттың бит өлшемін байт өлшеміне аударады;
- Ақпараттың байт өлшемін бит өлшеміне аударады;
- Ақпараттың МБ өлшемін байт өлшеміне аударады;
- Ақпараттың ГБ өлшемін КБ өлшеміне аударады;
- Ақпараттың ТБ өлшемін ГБ өлшеміне аударады;
- Ақпараттың байт өлшемін КБ өлшеміне аударады.

Тақырып «Бағдарламалық қамтамасыз ету»

Оқу мақсаты 5.1.2.1 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымын түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- «Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымына анықтама береді
- Компьютерлік бағдарламалардың бағдарламалық қамтамасыз ету типін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырмалар

1. Анықтама беріңіз.

Бағдарламалық қамтамасыз ету – бұл _____
_____.

Дескриптор *Білім алушы*

- бағдарламалық қамтамасыз ету анықтамасын жазады.

2. Көрсетілген компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету типіне сәйкес бөліп жазыңыз.

1	2	3	4	5	6	7	8

Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету	Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету

Дескриптор *Білім алушы*

- жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету типіне сәйкес бағдарлама белгішелерін анықтайды;
- қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету типіне сәйкес бағдарлама белгішелерін анықтайды.

Тақырып «Растрлық кескінді жасау»

Оқу мақсаты	5.2.2.2 Растрлық кескіндерді жасау және өңдеу
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Растрлық кескінді құрады • Растрлық кескінді өңдейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Графикалық редакторды қолдана отырып, «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сурет салыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- сурет сызықтарының қалыңдығы мен түсін таңдайды;
- үшбұрыш, дөңгелек және т.б. стандартты фигураларды салу үшін құралдарды қолданады;
- ауыстыру амалын қолданып растрлық кескінді өңдейді;
- көшіру амалын қолданып растрлық кескінді өңдейді;
- өшіру амалын қолданып растрлық кескінді өңдейді.

Тақырып «Жоба жұмысы»

Оқу мақсаты	5.2.1.1 Әр түрлі формада ақпаратты атап шығу және көрсету
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Ақпаратты әртүрлі формада ұсынады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. «Туған өлкемнің тарихы» тақырыбында жоба құрыңыз. Жобалау кезінде әртүрлі формадағы ақпарат қолданыңыз.

1.1 Өз жобаңызды ұсыныңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- ақпаратты мәтіндік формада ұсынады;
- ақпаратты графикалық формада ұсынады;
- ақпаратты дыбыстық формада ұсынады;
- ақпаратты сандық формада ұсынады;
- өз жобасын қорғайды.

3-тоқсан

Бөлім «Біздің өміріміздегі алгоритмдер»

Тақырып: «Командаларды қолдану»

Оқу мақсаты 5.3.2.1 Алгоритм анықтамасын тұжырымдау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Алгоритм терминін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырмалар

Алгоритм анықтамасын құрыңыз.

_____

_____

Берілген суреттерді пайдаланып алгоритмге мысалдар кетеріңіз.

Дастарқан дайындау

Өсімдік өсіру



Дескриптор *Білім алушы*

- алгоритм анықтамасын жазады;
- «Дастарқан дайындау» алгоритмініне мысал келтіреді;
- «Өсімдік өсіру» алгоритміне мысал келтіреді.

Тақырып «Командаларды қолдану»

Оқу мақсаты	5.3.2.3 Орындаушыларға және олардың командалар жүйесіне мысал келтіру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Орындаушылар мен олардың командалар жүйесін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

1.1 Орындаушыға команда беретін нысандарды көрсетіңіз.

1.2. Орындаушы үшін сәйкес командалар жүйесін толықтырыңыз.

Орындаушы	Командалар
	«Жуу»_____ _____ _____
	«Отыр!»_____ _____ _____
	«Ақпаратты іздеу»____ _____ _____

Дескриптор *Білім алушы*

- орындаушыға команда беру үшін нысандарды анықтайды;
- орындаушылар үшін командалар жүйесін құрады.

Тақырып «Командаларды қолдану»

Оқу мақсаты	5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Алгоритмді сөздік формада құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Оқушының үйден мектепке дейінгі жол жүру алгоритмін жазыңыз.



1. Үйден шығу: 1 қадам алға жүру
2. Оңға бұрылу
3. 2 қадам алға жүру
4. _____
5. _____
6. Оңға бұрылу
7. _____
8. _____
9. _____
10. Оңға бұрылу
11. 1 қадам алға жүру

Дескриптор *Білім алушы*

- «Алға жүру» командасын қолданады;
- «Солға бұрылу»/«Оңға бұрылу» командаларын қолданады.

2. «Алға 1 қадам жүру», «Оңға бұрылу», «Солға бұрылу» командаларын орындай алатын Робот үшін «А» нүктесінен «В» нүктесіне жүретін жолдың алгоритмін құрыңыз.

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

А



В

Дескриптор *Білім алушы*

- командалар санын анықтайды;
- командалар жүйесін қолдана отырып, әрекеттердің сөздік алгоритмін жазады.

Тақырып «Лабиринттен шығу жолын табу»

Оқу мақсаты	5.3.2.3 Орындаушыларға және олардың командалар жүйесіне мысал келтіру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Орындаушының командалар жүйесін көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

А нүктесінен В нүктесіне жету үшін Орындаушы қолданатын командалар жүйесін құрыңыз.



1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	
11.	
12.	
13.	

Дескриптор *Білім алушы*

- «Алға жүру» командасын қолданады;
- «Солға бұрылу»/«Оңға бұрылу» командасын қолданады;
- нәтижеге жету үшін орындалатын командалар жүйесін құрады.

Тақырып «Лабиринттен шығу жолын табу»

Оқу мақсаты	5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Алгоритмді сөз түрінде құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Зымыранның Юпитер ғаламшарына ең қысқа жолмен ұшу жолын анықтаңыз және ұшу жолының сөздік алгоритмін құрыңыз.

Командалар жүйесі: *Алға (1 қадам), Солға, Оңға.*

Ескерту*: 1 ұяшық – 1 қадам.*



Дескриптор	*Білім алушы* - Юпитерге дейінгі ең қысқа жолды анықтайды; - алгоритмді жазады.

Тақырып :«Виртуалды лабиринттен шығу жолын табу»

Оқу мақсаты	5.3.2.3 Орындаушыларға және олардың командалар жүйесіне мысал келтіру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Орындаушының виртуалды лабиринттен шығу үшін командалар жүйесін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Виртуалды лабиринт берілген. Орындаушыны және оның командалар жүйесін анықтаңыз.
http://gamelayer.ru/logicheskie-igry/labirinty

Орындаушы _____

Командалар жүйесі

_____
_____
_____
_____

Дескриптор *Білім алушы*

- орындаушының командаларын ретімен жазады;
- виртуалды лабиринттен Орындаушыны анықтайды.

Тақырып: «Виртуалды лабиринттан шығу табу»

Оқу мақсаты	5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Алгоритмді сөз түрінде құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Қызыл қоңыз үйіне жетуі үшін сөздік алгоритм құрыңыз.



_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Дескриптор	*Білім алушы* - Командалар санын анықтайды; - «Алға жүру» командасын қолданады; - «Солға бұрылу»/«Оңға бұрылу» командасын қолданады.

Бөлім: «Әңгімелесеміз және бағдарламаны жасаймыз»

Тақырып: «Менің алғашқы бағдарламам»

Оқу мақсаты 5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Алгоритмді сөз түрінде сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

1. Дария бағдарлама құрды. Скрипттің мағынасын ашатын түсініктеме құрыңыз және нысандардың атауын жазыңыз.

Скрипт	Түсініктеме	Нысан	Нысанның атауы
			
			

Дескриптор *Білім алушы*

- фон жасау скриптіне түсіндірме жазады;
- қозғалу скриптіне түсіндірме жазады;
- нысандардың атауларын анықтайды («сцена», «спрайт»).

Тақырып: «Жандандырылған графика»

Оқу мақсаты 5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Алгоритм командаларын сөз түрінде қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

1.1 Алгоритмде шартты сипаттау кезінде қолданылатын команданы ✔ белгісімен көрсетіңіз.

Қашан - Сонда	Егер - Онда	Содан кейін	Егер - Сондықтан

2. Алишер Scratch-те бағдарлама құрды.
2.1 Берілген скрипт бойынша орындалатын шартты сипаттаңыз.

Скрипт	Бағдарлама интерфейсі
	

_____
_____

2.2 Скриптті қолданып, шарт ақиқат болған жағдайдағы Спрайт 1 орындайтын әрекетті сипаттаңыз.

_____
_____
_____

Дескриптор *Білім алушы*

- алгоритмде шарт командасын анықтайды;
- берілген скрипттің шартын сипаттайды;
- шарт ақиқат болған жағдайда Спрайт 1 орындайтын әрекетті жазады.

Тақырып «Жандандырылған графика»

Оқу мақсаты	5.3.3.1 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) тармақталу және цикл командаларын қолдану
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Тармақталу командаларын қолданып бағдарлама құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

1. Айша интерактивті ашық хат құрды. Тармақталу командасын қолданып әріптерді жандандыру үшін бағдарлама жазыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- шарт ақиқат болған кездегі команданы жазады;
- шарт жалған болған кездегі команданы жазады;
- бағдарламаны іске қосады.

Тақырып: «Жандандырылған графика»

Оқу мақсаты 5.3.3.2 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) цикл командаларын қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Цикл командаларын анықтайды
- Цикл командаларын салыстырады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырмалар

1. Scratch ойын бағдарламалық ортасында қолданылатын циклдік командаларды белгілеңіз.

				

Дескриптор *Білім алушы*

- циклдік командаларды белгілейді.

2. Кестеде суреттер берілген.

Бағдарлама интерфейсі	Скрипт «Сүңгуір»	Скрипт «Балық»

«Сүңгуір» және «Балық» скрипттеріндегі айырмашылықты анықтаңыз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

_____

_____

_____

Дескриптор *Білім алушы*

- цикл алгоритміндегі айырмашылықты анықтайды;
- айырмашылықтарды түсіндіру үшін «қайталау» және «әрқашан» командаларын қолданады.

Тақырып: «Ақиқатты іздеу барысында»

Оқу мақсаттары	5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Бағдарлама құру үшін алгоритм құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Берілген сахна үшін Scratch бағдарламасын қолданып қозғалыс алгоритмін құрыңыз.

Сцена

Алгоритм:

Дескриптор *Білім алушы*

- «егер» командасын қолданады;
- «әрқашан» командасын қолданады;
- командалар тізбегін жазады.

Тақырып: «Ақиқатты іздеу барысында»

Оқу мақсаттары	5.3.3.1 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) тармақталу және цикл командаларын қолдану
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Ойын бағдарламалау ортасында тармақталу командаларын қолданып, жоба құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Қолданушы нысанды пернетақтадағы бағыттауыш пернелер көмегімен басқара алатындай етіп жоба құрыңыз.

Ескерту:

1. «Жоғары» пернесін басқанда - ұшақ жоғары 5 қадам көтеріледі.
2. «Төмен» пернесін басқанда - ұшақ 5 қадам төмен түседі.
3. «Солға» пернесін басқанда - ұшақ 5 қадам солға жылжиды.
4. «Оңға» пернесін басқанда - ұшақ 5 қадам оңға жылжиды.

Бағдарлама интерфейсі



Дескриптор	*Білім алушы* - тармақталу командаларын қолданады; - көрсетілген пернелер үшін шарт құрады; - шарт ақиқат болған жағдайда нысанның әрекетін көрсетеді.

4-тоқсан

Бөлім: «Жобаны құру және таныстыру»

Тақырып: «Анимация құру»

Оқу мақсаты 5.3.2.2 Алгоритмді сөз түрінде ұсыну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Алгоритмді сөз түрінде құрастырады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Скриптті қарастырып алгоритм құрыңыз.

Скрипт



Бағдарлама интерфейсі



Сөздік алгоритм.

_____

_____

_____

_____

_____

_____

_____

Дескриптор *Білім алушы*

- «әрқашан» командасын қолданады;
- «егер» командасын қолданады;
- командалар тізбегін жазады.

Тақырып: «Анимация құру»

Оқу мақсаты	5.3.1.1 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) нысандар анимациясын мен оқиғалардың құру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Нысандарды анимациялау (жандандыру) үшін скрипт құрады • Берілген шарт бойынша әрекеттерді анимациялау (жандандыру) үшін скрипт құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

1. Келесі шарттарды ескере отырып, «Су асты әлемі» тақырыбында жоба құрыңыз:
A) Акула балықтарға шабуыл жасайды.
B) Егер акула балыққа тиетін болса, онда көлемі үлкейеді.
C) Теңіз шаяны теңіз түбінде жорғалайды;
D) «Бос орын» пернесін басу арқылы жоба аяқталады.

Бағдарлама интерфейсі



Дескриптор	*Білім алушы* - анимация нысандарын анықтайды; - нысандар үшін оқиғаларға бағдарлама жазады; - балыққа тиген кезде тармақталу командаларын қолданады; - анимациялық жобаның аяқталуы үшін шарт құрады.

Тақырып: «Анимация құру»

Оқу мақсаты	5.3.3.1 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) тармақталу командаларын қолдану
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Ойын бағдарламалау ортасында тармақталу командаларын қолдана отырып, жоба құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

2 спрайт берілген. Келесі шарттарды орындайтын жоба құрыңыз:

A) Егер, қолданушы тышқан көрсеткішін Спрайт 1-ге алып барса, ол қорқынышты дыбыс шығарады.

B) Спрайт 2 көлденең жылжиды.

C) Егер, Спрайт 2 сахна жиегіне жетсе, ол кері қарай бұрылып, «BabyCry» дыбысын шығарады.

D) Егер, «бос орын» пернесін басса, онда жоба аяқталады.

Бағдарлама интерфейсі

Дескриптор *Білім алушы*

- скрипттегі Спрайт 1 үшін тармақталу командасын қолданады;
- скрипттегі Спрайт 2 үшін тармақталу командасын қолданады;
- спрайт 2 үшін күрделі шарт құрады;
- егер шарт ақиқат болса, әрекетті анықтайды.

Тақырып: «Анимация құру»

Оқу мақсаттары	5.3.3.2 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) цикл командаларын қолдану
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Скрипттегі цикл командаларын анықтайды • Цикл командаларын қолданып, скрипт құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

1. Цикл командасын көрсетіңіз және оның қызметін сипаттаңыз.



_____

_____

_____

2. Әрекетті 10 рет орындайтын скрипт үлгісін ұсыныңыз.

_____

Дескриптор *Білім алушы*

- скрипттегі циклдік құрылымды команданы анықтайды;
- скрипттегі циклдік құрылымды команданың қызметін түсіндіреді;
- әрекетті 10 рет қайталайтын скрипт құрады.

Тақырып: «Басып шығаруға құжатты дайындау»

Оқу мақсаттары	5.2.2.1 Құжатты баспаға дайындау (парақ параметрін өзгерту, бет параметрлерін қою, алдын ала көру, және т.б.)
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Құжат параметрлерін орнатады • Алдын ала көреді және параметрлерді өзгертеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Құжатты баспаға дайындау үшін төмендегі параметрлерді орнатыңыз:

1.1 Құжатты алдын-ала көруді орындаңыз.

Дескриптор	*Білім алушы* - құжат жиегінің өлшемдерін орнатады; - құжат бағытының типін белгілейді; - бет өлшемдерін орнатады; - құжатты алдын ала көру қызметін қолданады.

Тақырып: «Басып шығаруға құжатты дайындау»

Оқу мақсаттары	5.4.2.1 Бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңды еместігін талқылау
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Заңсыз көшірудің салдарын бағалайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Бөгде жұмыстың заңды емес көшірмесін алуға мысал келтіріңіз.
- Бөгде жұмыстың заңсыз көшірмесін алудың куәсі болсаңыз, не істер едіңіз?
- Заңсыз көшірменің қандай салдары болуы мүмкін?

Дескриптор	*Білім алушы* - заңсыз көшірме алуға мысал келтіреді; - заңсыз көшірмеге куә болған жағдайдағы әрекеттерін сипаттайды; - заңсыз көшірменің салдарын анықтайды.

Тақырып «Басып шығаруға құжатты дайындау»

Оқу мақсаттары	5.4.2.2 Құжатқа құпия сөз орнату
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Құжатқа құпия сөз орнату алгоритмін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Әр түрлі құжат түрлеріне құпия сөз орнатыңыз.
2. Құпия сөз орнату үдерісін сипаттаңыз.

_____

_____

_____

Дескриптор	*Білім алушы* - құжаттарға құпия сөз орнатады; - құпия сөз орнатудың әрекеттер тізбегін жазады.

Тақырып :«Жобаның тұсаукесері»

Оқу мақсаттары	5.1.3.1 Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумадағы файлдарды өзгерту, жүктеп алу және орналастыру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумада әр түрлі амалдар орындайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Жоба құрыңыз.
2. Жобаны жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға орналастырыңыз.
3. Жобаны қорғаңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- жоба құрады;
- жалпы қолданысқа рұқсат етілген бумаға жоба файлын орналастырады;
- жобаны ұсынады.

Тақырып «Жобаның тұсаукесері»

Оқу мақсаттары	5.3.1.1 Ойын программалау ортасында (Лого, Scratch және т.с.с.) нысандар анимациясын мен оқиғалардың құру
Бағалау критерийі	*Білім алушы* • Нысандар анимациясы мен оқиғалары бар жоба құрады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

1. Нысандар анимациясы мен оқиғалары бар жобаны бағалау критерийлерін құрастырыңыз.
2. Нысандар анимациясы мен оқиғалары бар жоба құрыңыз.
3. Жобаны қорғаңыз және бағалаңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- бағалау критерийлерін құрастырады;
- жоба құрады;
- нысандардың анимациясын құрады;
- оқиғалар құрады;
- жобаны ұсынады;
- жобаны бағалайды.

Теруге 25.07.2017. берілді. Басуға 27.07.2017. қол қойылды.
Пішімі 60х84/8. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.
Шартты б. т.3,99. Таралымы 18 дана. Тапсырыс № 1574
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.
e-mail: info@cpm.kz.